



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

*2022 жылға Қазақстан Республикасындағы
еңбек бойынша негізгі көрсеткіштер*

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік-кіріспе
- S.3 Мета деректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескеру мен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі - Бюро)

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы департаменті

S.1.3 Байланыс адамының аты

Сайлауқызы Ляззат

S.1.4 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Наталья Евгеньевна Белоносова

010000, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ө.сол жағалауы, Мәңгілік Ел 8 көшесі,

Министрліктер үйі, 4-кіреберіс

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

l.belkairova@aspire.gov.kz

S.1.6 Байланыс адамының телефоны

+7(7172) 74-96-78

S.2 Өзектілік-кіріспе

S.2.1 Бұл байқау еңбекақы статистикасына жатады.

Бұл байқаудың мақсаты жалдамалы қызметкерлердің санын, олар есептеген жалақы қорын, бір қызметкердің орташа айлық номиналды жалақысын, нақты жалақы индексін сипаттайтын еңбек статистикасының негізгі көрсеткіштері бойынша ақпарат алу болып табылады. Сонымен қатар, деректер жұмыс күшінің қозғалысы және жұмыс уақытының күнтізбелік қорын пайдалану, қызметкерлерді оқыту және біліктілігін арттыру, сондай-ақ жұмыс күшін ұстауға жұмсалған шығындар туралы жиналады.

Көрсеткіштер кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шағын кәсіпорындарды есепке алмай, барлық кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша өңірлер, Экономикалық қызмет түрлері және меншік нысандары бөлінісінде жиналады.

Бюрода элеуетті пайдаланушылар мен респонденттердің, мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен жұмыс топтарының (фокус-топтардың) отырыстары өткізіледі, онда жалпымемлекеттік статистикалық нысандардың көрсеткіштері олардың өзектілігі тұрғысынан егжей-тегжейлі талданады және ведомстволық статистикалық нысандар мен әкімшілік деректер нысандарының көрсеткіштерімен қайталануды болдырмайды.

Кері байланыс Telegram мессенджерінің көмегімен [statgovkz_bot](#) akkaунты, сондай-ақ 1446 бірыңғай нөмірі арқылы қоңырау шалуға болатын пайдаланушыларды қолдау байланыс орталығы арқылы жүзеге асырылады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған мета деректерді соңғы растау

21.02.2023

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыру

21.02.2023

S.3.3 Метадеректерді соңғы жаңарту

21.02.2023

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Статистикалық бақылаудың негізгі көрсеткіштеріне мыналар жатады:

есепті кезеңге орташа алғанда қызметкерлердің тізімдік саны;

есепті кезеңге орташа алғанда қызметкерлердің нақты саны;

қызметкерлердің жалақы қоры;

қоса атқарушылық бойынша (басқа ұйымдардан) жұмыс істейтіндердің саны;

жұмысты азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша орындайтын адамдардың саны;

қоса атқарушылық бойынша (басқа ұйымдардан) жұмыс істейтіндерге есептелген жалақы қоры;

жұмысты азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша орындайтын

адамдарға есептелген жалақы қоры;
толық емес жұмыс күні немесе толық емес жұмыс аптасына жұмыс істейтіндер саны;
өндірістің тұрып қалуына байланысты уақытша жұмыс істемейтін қызметкерлердің саны;
барлық қызметкерлердің жұмыспен өтелген адам-күнінің саны;
барлық қызметкерлердің жұмыспен өтелген адам-сағатының саны;
жұмыс берушінің қаражаты есебінен оқыған қызметкерлер саны;
есепті кезеңнің басына қызметкерлердің тізімдік саны;
есепті кезеңде жұмысқа қабылданған қызметкерлер;
есепті кезеңде жұмыстан шыққан қызметкерлер;
есепті кезеңнің соңына қызметкерлердің тізімдік саны;
есепті кезеңнің соңына қызметкерлердің тізімдік санының құрамы туралы деректер;
жұмыс күшін ұстауға жұмсалған шығындар сомасы;
жалақы қорында ескерілмейтін төлемдер мен шығыстар
бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Зерттеу жүргізу кезінде мынадай статистикалық жіктеуіштер пайдаланылады:

- 1) ЭАОЖ - Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші;
- 2) ЭҚЖЖ - Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;
- 3) МНЖ - Меншік нысандары мен түрлерінің жіктеуіші;
- 4) КМЖ - Заңды тұлғалардың өлшемділігі жіктеуіші;
- 5) ЭСЖ - Экономика секторларының жіктеуіші;
- 6) ҰҚНЖ - Шаруашылық жүргізудің ұйымдастырушылық-құқықтық нысандарының жіктеуіші;
- 7) ҰҚЖ - Ұлттық қызметтер жіктеуіші

Бұл жіктеуіштер ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz интернет-ресурсында негізгі бөлімінде // «Статистикалық жіктелімдер» орналастырылған.

S.4.3 Секторлық қамту

Қызметкерлердің саны 100 адамнан асатын, сондай-ақ «Шағын кәсіпорын қызметі туралы» (индексі 2-МП, кезеңділігі жылдық) статистикалық нысан бойынша есеп беретіндерден басқа, саны 100 адамға дейін экономикалық қызметтің барлық түрлерінің заңды тұлғалары мен (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері ұсынады. 2022 жылы каталог бойынша кәсіпорындар мен ұйымдар саны – 103334 бірлікті, оның ішінде есеп бергендер – 78309 бірлік, қағаз жеткізгіштегі есептер - 10876 бірлік құрады.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтамалар

Зерттеуге барлық ірі, орта және шағын (бюджеттік) кәсіпорындар қатысады. Деректерді жинау 1-Т «Еңбек бойынша есеп» статистикалық нысаны бойынша жылдық кезеңділікпен үздіксіз әдіспен жүргізіледі. Ұсыну мерзімі-есепті кезеңнен кейін 12 ақпанға дейін.

Нысанның соңғы қайта қаралуы 2022 жылы болды, «Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 7 қыркүйектегі № 34 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының 2022 жылғы 27 тамыздағы № 19 бұйрығымен бекітілген.

Осы статистикалық нысанды ұсыну электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру бюросының stat.gov.kz Респонденттерге / статистикалық нысандар интернет-ресурсында орналастырылған «Деректерді on-line режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Қызметкерлердің тізімдік саны-шарт жасасу мерзіміне қарамастан, еңбек шартына қабылданған адамдардың саны.

Қызметкерлердің нақты саны - жұмысқа ресми тіркелген

қызметкерлердің жекелеген санаттарын шегергендегі тізімдік құрамдағы қызметкерлердің саны (жүктілік және босану, бала күтімі бойынша демалыстағы адамдар және басқалар).

Қызметкерлердің жалақы қоры (еңбекақы) – ұйымдар есептеген жиынтық ақшалай қаражат, сондай-ақ салықтар мен басқа да ұстап қалуларды (табыс салығы, міндетті зейнетақы төлемдері) ескере отырып, жұмыскерлерге ақы төлеу үшін ақшалай бірлікке аударылған заттай нысандағы қаражат (лауазымдық айлықақылар (тарифтік мөлшерлемелер), қосымша ақылар, үстемеақылар, сыйлықақылар және ынталандырушы және өтемдік сипаттағы өзге де төлемдер) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар, жарналар)).

Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы есептелген жалақы қорының сомасын қызметкерлердің нақты санына және кезеңдегі айлар санына бөлу арқылы анықталады.

S.4.5 Статистикалық объект

Кәсіпорындар мен ұйымдар

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігін іріктеу қағидаты)

Қызметкерлердің саны 100 адамнан асатын, сондай-ақ «Шағын кәсіпорын қызметі туралы» (индексі2-МП, кезеңділігі жылдық) статистикалық нысан бойынша есеп беретіндерден басқа, саны 100 адамға дейін экономикалық қызметтің барлық түрлерінің заңды тұлғалары мен (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері ұсынады.

S.4.7 Аумақтық қамту

Зерттеу Қазақстан Республикасының барлық аумағын (облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар, астана) қамтиды.

S.4.8 Қамту уақыты

2000 жылдан бастап

S.4.9 Базалық кезең

Есепті жылдың алдындағы жыл базалық кезең болып табылады.

S.5 Өлшем бірлігі

Адам, мың теңге, теңге

S.6 Есепті кезең

Жыл

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.
2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.
3. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен Қазақстан Республикасының заңнамалық тәртіппен бекітілетін статистикалық жұмыстар жоспары.
4. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі.
5. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 20 мамырдағы №113 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген және респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне сәйкес респонденттер ұсынатын алғашқы статистикалық деректер негізінде әзірленген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде беру қағидалары
6. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген деректер базасын сәйкестендірілмеген түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарда пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді..

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау.

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер

ұсынатын деректердің құпиялылығы мен қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі.

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 183 Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы № 20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі–Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару принциптері мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың құпиялылығын оның тұтастығы және тең түпнұсқалығы шартында қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық–деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелген.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

Статистикалық жұмыстар жоспары мен ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі ҚР НҚА эталондық банкінде Әділет ЖЗШ еркін қолжетімділікте орналастырылған.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында Негізгі // Негізгі құжаттар бөлімінде орналастырылған.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қолжетімділік

Мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға ҚР АӘКД Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында орналастыру арқылы сапалы әкімшілік статистикалық ақпарат пен статистикалық әдіснамаға бір мезгілде қол жеткізуге тең құқықтарды қамтамасыз етеді stat.gov.kz.

S.10 Тарату жиілігі

Жыл.

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Пресс-релиз жарияланбайды

S.11.2 Жарияланымдар

«2022 жылға Қазақстан Республикасындағы еңбек бойынша негізгі көрсеткіштер», «Қазақстан Республикасындағы жұмыс күшін ұстауға кеткен шығындар құны», «Қазақстан Республикасындағы меншік нысандары мен экономикалық қызмет түрлері бойынша қызметкерлердің саны және еңбекақысы» электрондық кестесі жыл сайын ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайтында Негізгі бөлімінде/ Еңбек және табыс / Жалақы және еңбек жағдайы/ электрондық кестелерде

S.11.3 Онлайн деректер базасы

Статистикалық деректер «Талдау» ақпараттық-талдамалық жүйесіне Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы бөліміне енгізілген.

S.11.3.1 АС1.Деректер кестесі-кеңестер

Іске асырылмаған.

S.11.4 Микро деректерге қолжетімділік

Мемлекеттік статистика органдары қалыптастыратын статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес барлық ресми статистикалық ақпаратты сәйкестендірілмеген түрде алуға болады.

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ғылыми мақсаттарда дерекқорларды сәйкестендірілмеген түрде ұсынуға және пайдалануға рұқсат етіледі.

Деректер қорын ұсыну Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда №6388 тіркелген, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидаларымен реттеледі.

S.11.5 Өзгеде

S.11.5.1 АС2. Метадеректер–кеңестер

Іске асырылмаған.

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

- 1) Бюро басшысының бұйрығымен бекітілген «Еңбек бойынша есеп» (индексі 1-Т, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулығы.
- 2) «Статистика бойынша әдіснамалық ереже 2018 жыл» төртінші басылым, толықтыру. ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында «Әдіснама» бөлімінде орналастырылған.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы №53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі;
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы №63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Еңбекақы статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлданған рәсімдермен құпталады:

- алғашқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау;
- стандартты статистикалық жіктелімдерді қолдану;

- алғашқы деректерді жинау мен өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық) әзірленді және енгізілді;
- алғашқы статистикалық деректердің дұрыстығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі заңнамалық түрде бекітілген;
- алғашқы статистикалық деректерді ұсынбағаны және дұрыс емес деректерді ұсынғаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған

S.13.2 Сапаны бағалау,

Еңбекақы төлеу статистикасы бойынша деректердің сапасы мен дұрыстығы жалпы қабылданған процедуралармен қолдау көрсетіледі:

- алғашқы есепке алудың негізгі қағидаттарын сақтау;
- стандартты статистикалық жіктеулерді қолдану;
- алғашқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде форматты-логикалық бақылаулар әзірленіп, енгізілді.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпаратты пайдаланушылар: мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар, халықаралық ұйымдар.

S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

Жыл сайын Бюроның stat.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған ресми статистикалық ақпарат бойынша пайдаланушыларға сауалнама жүргізіледі Сауалнамалар / Пайдаланушының сауалнамасы бөлімінде орналасқан.

S.14.3 Толықтығы/R1.Деректердің толықтығы-үлес

Жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандарын бекіту туралы «Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы және оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтар» 2020 жылғы 7-ші қыркүйектегі № 34 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының бұйрығына өзгерістер енгізіліп Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және

реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2022 жылғы 27 тамыздағы № 19 бұйрығымен бекітілген деректердің толықтығы «Еңбек бойынша есеп» (1-Т индексі, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру нұсқаулығын сақтау жолымен қамтамасыз етіледі.

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Тексеру үздіксіз әдіспен жүргізіледі. Деректер тарату коэффициенттері мен қосымша есептерді есепке алмай, бастапқы есептер негізінде жинақталады.

S.15.2 Іріктеме қатесі-индикаторлар/A1

Қолданылмайды.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру-үлес

Қолданылмайды.

S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер-арақатынас

Қолданылмайды.

S.15.2.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.2.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі–үлесі

Қолданылмайды.

S.15.2.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы–үлесі

Қолданылмайды.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі–алғашқы нәтижелер

Ағымдағы жылға бекітілген статистикалық жұмыстардың жоспары мен кестесіне сәйкес жыл сайын жарияланады

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі–соңғы нәтижелер

Жинау күні - 23.12.2022

Аяқталу күні –15.02.2023

Өңдеу күні –10.04.2023

Тарату күні -29.06.2023

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/ТРЗ

Деректер жыл сайын ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесіне сәйкес жарияланады және таратылады. Нақты және жоспарланған күндер сәйкес келеді, жариялау мерзімдері бұзылған жоқ.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Деректер өңірлердің уақыты бойынша, қызметтің басқа салалары бойынша өңірлер арасында салыстырылады.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы– коэффициент/СС1

Тиімсіз.

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтығы/СС2

Қызметкерлер саны, жалақы қоры және орташа айлық жалақы бойынша динамикалық көрсеткіштер 2000 жылдан бастап салыстырмалы және үздіксіз болып келеді.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

2010 жылғы 19 наурыздағы «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, сонымен қатар Халықаралық Еңбек Ұйымының стандарттары мен ұсынымдарына сәйкес.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерінің нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес.

S.18.2 Ішкі келісушілік

Статистикалық құралдар бюроның барлық құрылымдық бөлімшелерімен келісілген

S.19 Жүктеме

Жинау және өңдеу процесі «е-Статистика» ИАЖ арқылы толық автоматтандырылған. Деректерді жинау респонденттің қалауы бойынша электрондық түрде және қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Онлайн режимде деректерді жинау кезінде респондент үшін автоматтандырылған форматты-логикалық бақылау қарастырылған. Есептерді қағаз жеткізгіште ұсынған кезде нысандарды енгізу «е-Статистика» АЖ жүзеге асырылады, сондай-ақ автоматтандырылған форматты-логикалық бақылау көзделген. Нысанды толтыруға жұмсалған орташа уақыт 1-2 сағатты құрайды. Басқа тексерулермен қайталану жоқ.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.1 Деректерді қайта қарау/А6

Ресми статистикалық ақпарат бекітілгеннен және жарияланғаннан кейін деректерді қайта қарау болған жоқ.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Көрсетілген нысан бойынша деректерді жинау және өңдеу жалдамалы қызметкерлердің санын және оның қозғалысын, ол есептеген жалақы қорын, жалақы құрамын, бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысын, номиналды және нақты жалақы индекстерін, күнтізбелік уақыт қорын пайдалануды сипаттайтын еңбек статистикасының негізгі көрсеткіштері бойынша жүзеге асырылады. Көрсеткіштер кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шағын кәсіпорындарды есепке алмай, барлық кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша өңірлер мен экономикалық қызмет түрлері бөлінісінде келтірілген. Еңбек статистикасының негізгі көрсеткіштері бойынша деректер Қазақстан Республикасының Ұлттық қызметтер жіктеуішіне сәйкес ірілендірілген топтары бойынша топтастырылған. Статистикалық ақпаратты жинау ірі, орта және кіші (бюджеттік) кәсіпорындардан үздіксіз әдіспен жүргізіледі.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

Жылдық

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Еңбекақы статистикасы бойынша статистикалық нысанды тапсыру қағаз қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады.

Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру «Респонденттің кабинеті» арқылы «е-Статистика» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Деректердің сапасын жақсарту, статистикалық нысанды толтырудың дұрыстығын тексеру және статистикалық нысанның кейбір мәселелері бойынша жауаптардың болмауын азайту мақсатында электрондық форматта бастапқы деректерді енгізу деңгейінде дұрыстығын тексеру айқындалды, сондай-ақ бастапқы статистикалық ақпаратты өңдеу жөніндегі бағдарламалық қамтамасыз етуге әртүрлі форматты-логикалық бақылаулар енгізілді. Пішімдік-логикалық бақылаулар: бөлімдер арасында, бөлімдер ішінде.

S.21.5 Импутация-үлесі/A7

Қолданылмайды.

S.21.6 Түзету

Деректерді түзету профилактикалық бақылау жүргізілгеннен кейін статистикалық байқау жүргізу барысында тікелей жүзеге асырылады.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды.

S.22 Ескерту

Деректердің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыру.